

18 - 23 қазан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

24 қазан

Апталық жоспарға сәйкес 18-23 қазан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарларын тексеріліп, ұсынымдар бойынша түзету жұмыстарын жалғастыру сұралды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, күнделікті есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
4. Оқушы дәптерінің жалпы жағдайын, сынып және үй жұмысы нормасының орындалуын, мұғалімнің дәптер тексеруге қойылатын бірінғай талаптарды орындауы мен дәптермен жұмыс істеу қызметін бақылау мақсатында 7-11-сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша жұмыс дәптерлері тексерілді. Келесі пәндер бойынша техника қауіпсіздік ережелерімен толық таныспағандары анықталды: физика, химия, биология, информатика (пән мұғалімдері Аманболдин Б.Ж., Сағатай А.А., Маженова А.А., Шарипов А.Б.). Пән мұғалімдеріне оқушы дәптерін тексеру жиілігі, кері байланыс беру, баға қою объективтілігі, зертханалық, практикалық дәптерге қойылатын бірінғай талаптарды, техника қауіпсіздік журналын уақытылы жүргізу ескертілді.
5. Қазақ әдебиеті пәні бойынша 7-10-сыныптарда оқу техникасының деңгейі бақыланды. Пән мұғалімдеріне оқу бағдарламасы бойынша өтілген тақырыптардағы шығармалардың басты кейіпкерлерін, жатқа берілген өлең, жыр, қара сөздерді оқушыларға қайталау керектігін ескеру ұсынылды.
6. Мектепшілік пәндер олимпиадасына қатысатын 8-11-сынып оқушыларының тізімі құрастырылды. Қараша айында өтетін мектепшілік пәндер олимпиадасына 160 оқушы таңдаған пәндері бойынша қатысу тізіміне жазылды.
7. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы қадағаланды. Өртүрлі жағдайлармен дайындықта болмаған оқушылармен және пән мұғалімдерімен жұмыс жүргізілді.
8. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың оқытылуы қадағаланды. Келесі курс сабақтарына Кусаинова С.З. қатысып, ұсынымдар берді: «Физикалық практикум», 10б -сын. пән мұғалімі Аманболдин Б.Ж., сабақта шығармашылық, деңгейлік тапсырмалар беру; «Шешендік сөз өнері» 8а-сын. Даулеткалиева Т.Б., әр оқушыға жеке жаттауға өлеңдер көп беру, топтық әдісті пайдаланып шешендік сөздерді жатқа айқызу; «Журналистика негіздері» 10а-сын. Муратов М.Б. шығармашылық, практикалық тапсырмалар беру.

9. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстарының жоспарлары тексерілді. (Кожаметова Р.З., Шалабаева А.Б., Торсунова Б.Р., Муратов М.Б., Аманболдин Б.Ж., Куспекова К.М.)
10. Мектепшілік пәндер олимпиадасының тапсырмаларын дайындау және келесі аптада бекітуге тапсыру бойынша жұмыстыр жүргізілді, жауапты мұғалімдер тізімі жасалды Жас мамандарға және жаңадан келген мұғалімдергі тапсырмалар дайындау бойынша ұсыныстар берілді.
11. 22-қазан күні Республикалық Президенттік олимпиаданың іріктеу кезеңіне 3 оқушы қатысты. Нәтижесі: тестілеу бойынша Жұматай Саяна 11а-сын. 71- балл, Нұрғазы Айжан 11б-сын. 44 балл, Тасбулатова Жанна, 11а-сын. 37 балл алды. Эссе нәтижесі белгісіз.
12. «Шабыт» шығармашылық тобының жұмыс жоспары нешінде өткізілетін дене шынықтыру пәнінен шебер-сынып, Шайхан А. 10а сын. келесі аптаға жоспарланды.